

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 23-7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда N 2748 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 7-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 7-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-19 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
ауданы мәслихатының

ХХIII сессиясының терағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы

Н. Габдулов
Б. Ыскакова

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2014 жылғы 31 наурыздағы
№ 23-7 шешімімен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-19 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6 тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округі аумағындағы ауылдар мен көшелерінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу дің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округі аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участкерлерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімімен шақырылады және ұйымдастырылады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе ақпаратты "Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауылдарының, көшелердің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайзы қатысқан кезде етті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардың, көшелердің тұрғындарының өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатымен бекітілген сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның қатысушыларымен ұсынылады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы екі жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылғаннан бастап бір жұмыс күні ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Ғабит Мұсірепов атындағы

ауданы мәслихатының

2014 жылғы 31 наурыздагы

№ 23-7 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысатын көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық кұрамы

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-19 (ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Ауылдар мен көшелер атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын көшелер мен ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Возвышен ауылы, 20 лет Целины көшесінің тұрғындарына	1
2	Возвышен ауылы, Приречная көшесінің тұрғындарына	2
3	Возвышен ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына	2
4	Возвышен ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесінің тұрғындарына	1
5	Возвышен ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына	1
6	Возвышен ауылы, Гагарина көшесінің тұрғындарына	1
7	Чернозубовка ауылы, Кошевого көшесінің тұрғындарына	2
8	Чернозубовка ауылы, Ишимская көшесінің тұрғындарына	2
9	Чернозубовка ауылы, Новая көшесінің тұрғындарына	1

10	Чернозубовка ауылы, Матросова көшесінің тұрғындарына	1
11	Чернозубовка ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына	1
12	Чернозубовка ауылы, Чкалова көшесінің тұрғындарына	1
13	Чернозубовка ауылы, Сакко и Ванцетти көшесінің тұрғындарына	1
14	Стерлитамак ауылдың тұрғындарына	3
15	Григорьевка ауылдың тұрғындарына	3
16	Брилевка ауылдың тұрғындарына	3
17	Куйган ауылдың тұрғындарына	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК